

туралы ойлары көп жағдайда М.Әуезов пікірлерімен сабақтасатындығына қатысты өз ғылыми тұжырымдарын ұсынады [7, 209].

Міне, рухани құнды қазынамыз саналатын эпостық жырлардың көркемдігін зерттеуде профессор Е.Қ.Жұбанов өз ғылыми көзқарастары мен пікірлері арқылы қазақ эпостануына соны соқпақ, тың жаңалықтар әкелді. Оның еңбектері аталған ғылым саласынан өзінің орнын әлдеқашан алған, сондықтан болашақта орындар жобалар мен жұмыстарда ғалым идеялары қашан да басшылыққа алынатындығына еш шүбә келтірмейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Алматы: Ғылым, - 1996. – 200 б.
2. Пропп В.Я. Русский героический эпос. Москва: Наука, - 1958. – 603 б.
3. Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектері. Ақтөбе - 2003. – 96 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро эпосы. Алматы: Ғылым, - 1978. – 150 б.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, - 1985. – 868 б.
6. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: Қазығұрт, - 2005. – 464 б.
7. З.-Ф.Қ. Бисенғали. Қазақ эпосының көркемдігі туралы ойлар // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері. Екінші халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. –Алматы. -2007ж. – Б. 58-63

ҒТАМР 16.21. 55.

ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗЕКІ КӨРКЕМ ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ

Н.А.САДУАҚАС

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақала қазақ фольклорының тілін лингвостилистикалық аспектіде зерттеген ғалым, Е.Қ. Жұбановтың ғылыми шығармашылығы туралы жазылған.

Түйінді сөздер: Әдеби тіл, сөйлеу, фольклор, диалект, эпос, халық әдебиеті, жер-су атаулары, жазба тіл.

Аннотация. Статья о научном творчестве Е.К.Жубанова, исследовавшего язык казахского фольклора в лингвостилистическом аспекте.

Ключевые слова: Литературный язык, речь, фольклор, диалект, эпос, казахская литература, топонимика, письменный язык.

Annotation. The article is devoted to E.K.Zhubanov's scientific study of the Kazakh folklore in a linguistic and stylistic aspect.

Key words: Literary language, speech, folklore, dialect, epos, Kazakh literary, toponymy, written language.

Еліміздің тарихында есімі ел есінде сақталған біртуар тұлғалар аз болмаған. Солардың арасында қазақ ғылымы мен өнерінде өшпес із қалдырған ағайынды Жұбановтар мен олардың талантты ұрпақтанының елінің игілігі үшін сіңірген еңбектерін ерекше атап айтуға болады. Тектілерден тараған тұғырлы тұлғалардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың туғанына 90 жыл толып отыр. Алматыдағы ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 1957-1991 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс жасап жүрген Есет Құдайбергенұлы 1991 жылы туған жеріне оралып, өмірінің соңына дейін қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 15 жыл еңбек етті. Ол өз әкесінің есімі берілген оқу орнының алдыңғы қатардан көрініп, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауына ерекше үлес қосты. Әсіресе, жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының қанаты бекіп, тынысы ашылуына, ондағы оқытушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстармен шұғылдандуына ұйытқы бола білді. Оның әкесі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – белгілі лингвист-ғалым, профессор, ал шешесі Раушан Оспанқызы үй шаруасындағы адам болған. Сол кезеңде Құдайберген Жұбанов 1922 жылы Темір қаласындағы уездік оқу бөлімінде инспектор-методист, 1925 жылы Ақтөбе губерниялық оқу-ағарту бөлімінде ГубОНО- бастығының орынбасары болып, сонымен қатар педтехникумда сабақ беріп, 1928 жылы сол кездегі астана Қызылорда қаласына шақырылып, оқу халық комиссариатында мектеп инспекторы қызметін атқарған екен. Ал 1929 жылдың басында ҚазПИ-ге түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер ретінде келген Қ.Жұбановты сол жылы ұлттық кадрларды даярлау мақсатында Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына оқуға жібереді. Дымқылды солтүстіктің суық ауасы қырдағы аңызак құрғақта өскен Құдайберген Қуанұлының денсаулығына қолайсыз тиіп, 1929 жылдың жазында біраз түзелу үшін елге қайтып оралады. Оның отбасы осы Ақтөбе қаласында болған кезде 1929 жылы 22 қарашада Есет Құдайбергенұлы дүниеге келген еді[1.350].

Бала Есет алғашқы білім жолын 1936 жылы Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінде бастаған. Бірақ әкелерінің «1937 жыл» зұламатының құрбаны болуына байланысты Раушан анасы алты баласын ертіп, туып-өскен жері Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жұрын ауылына жақын жердегі «Жаңа тұрмыс» колхозына көшіп келеді. Есет Жұбанов осы ауылдағы «Қызылжар» жеті жылдық мектебін, одан кейін Ақтөбедегі Н.Байғанин атындағы екі жылдық мұғалімдер институтының даярлық бөлімін бітіріп, туған ауылындағы

«Қызылжар» жеті жылдық мектебінде бір жыл орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасайды. 1947-51 жылдары Алматыда Қаз ПИ-де оқып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын игереді. Одан кейін жас маман ретінде жолдамамен Солтүстік Қазақстандағы Қызылжар (Петропавл) педучилищесіне жұмысқа келеді. Сол жерде білімді жас маман Есет Құдайбергенұлы мұғалімдердің білімін жетілдіретін облыстық институтта, облыстық оқу бөлімінде, облыстық комсомол комитетінде, саяси үгітшілер тобында, т.б. жұмыстарға белсене араласады. 1954 жылы Алматыда қазақ-орыс тілдерінде бір мәтінмен шығатын республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінің мектеп бөліміне аудармашы-әдеби қызметкер болып жұмысқа орналасады. Өзінің білімділігімен елге таныла бастаған Есет Жұбановты 1957 жылдың жазында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысқа шақырып, Түсіндірме сөздік бөліміне қабылдап, аспирантураға түсіп, ғылыммен шұғылдануына жол ашады. Ол ғылым академиясында жұмыс жасай жүріп, Қазақ тілінің 2 томдық түсіндірме сөздігін, 10 томдық түсіндірме сөздігінің 5-6 томдарын, «Абай» энциклопедиясын, Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» жинағын, т.б. көлемді еңбектерді шығаруға қатысады [1. 350].

Тұлпардың тұяғы Есет Құдайбергенұлы Ақтөбе жерінде жұмыс жасай жүріп, жұбановтар мұрасы ұлт қазынасы екендігін дәлелдеп, әкесінің ғылыми мұрасын түгендеп зерттеуге де ерекше үлес қосты. Оның ұйымдастыруымен университетте «Жұбановтану» ғылыми зертханасы жұмыс жасап, осы жерден бірнеше оқытушыға жетекші болып, ғылым кандидаттығын қорғатты. Атап айтқанда, М.О.Мировтың «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі» (1999), М.К.Доспағанбетованың «Лексикографиялық деректердегі космонимдер» (2006), Ж.И.Сұлтанның «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» (2007) атты кандидаттық диссертацияларына ғылыми жетекші болса, сонымен бірге Н.А.Садуақастың «Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері» (1999) атты диссертациясына профессор Әлімхан Жүнісбек екеуі бірлесе жетекшілік жасап қорғатқан еді [2. 350]. Университетте жұмыс жасаған кезінде «Жұбанов тағылымы» деген атпен профессор Қ.Қ.Жұбановтың еңбектеріне арналған бірнеше ғылыми халықаралық конференциялардың дәстүрлі түрде өткізілуіне басшылық етті.

Әдеби тіл туралы зерттеулерінде профессор Р.Сыздық «Қазақтың ауыз әдебиетінің тілі – қазақ әдеби тілінің басты арналарының бірі» екенін айтып, фольклор мен әдеби тілдің жақындығы өте әріде, екеуі тығыз байланысты деген ойын білдіреді [3.32]. Осы орайда, қазақ фольклорын халық әдебиеті деп атап, ауызекі әдеби тілді зерттеуде кең танылған ғалым, әдеби тілдің маманы, фольклортанушы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың есімі ғылымда кең танылған болатын. Ана тіліміздегі фольклорлық шығармалардың тілін зертеген

алғашқы ғалым Есет Құдайбергенұлы еңбектерінде түркі халықтарына кең танымал «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары жүйелі түрде стиль-тілдік жағынан зерделеніп, ғылыми талдау жасалынды. Ол эпос тілін зерттеу нәтижесінде 1967 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының әдеби-лингвистикалық ерекшеліктері» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаттығына жазған еңбегін қорғайды. Түркітанушылардың кеңестік комитеті 1982 жылы Москвада өткізген әдеби тіл мәселесіне арналған симпозиумда Есет Жұбанов «Эпос тілі – әдеби тілдің алғашқы үлгісі» тақырыбында баяндама жасап, «фольклор тілін әдеби тіл деуге негіз жоқ» деген бұрыннан қалыптасқан қасаң көзқарасты сынап, эпос тілінің әдеби тілдің алғашқы үлгісі, бастауы болғанын баяндап, оны тайпа диалектілерінен жоғары тұрған, қалыпқа түскен, төбе (көсем) тіл деп дәлелдейді. Оның бұл тұжырымдарын Э.Р.Тенишев сияқты атақты түрколог ғалымдар қолдап сөйлейді.

Өз кезінде қазақ фольклорын халық әдебиеті деп атап, тынымсыз ғылыми ізденісі нәтижесінде халық әдебиетінің лингвопоэтикасы жөніндегі зерделі зерттеулерімен танылған фольклортанушы тілші ғалым Е.Жұбановтың ғылыми терең ойлары мен мағыналы пайымдаулары фольклор тілін зерттеудің методологиялық ерекшеліктерін көрсететін ұстанымдар тәрізді осы саладағы кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар беретін, ғылыми құндылығын жоймайтын еңбектер болды. Ғалымның өз сөзімен айтсақ, «сүтпен кіріп, сүйекке сіңген халық әдебиетінің тілі», «әдебиет қалыбына түскен, өзіндік заңдылығы бар тіл», «әдеби тілдің ауызекі де үлгісі болады!», «Қазақ халық әдебиеті де жазу шыққанға дейін үлкен қоғамдық қызмет атқарды. Ол – биліктің, шешендіктің, шежіренің, елші мен жаушының тілі болды, суырып салма ақындықты, айтыс өнерін дамытты, жер-судың, ел-жұрттың, ем-домның, кәсіп пен харекеттің аттарын сақтап жеткізді. Ол біздің жазба әдебиетіміздің тіліне келіп ұласты. Оның стилі – образды, әсерлі сөз қолданысқа табан тіреді. Сөйлеудің диалектіден үстем үлгісі дегеніміздің өзі де осы «көсем тіл» болатын. Ғылымда оның «төбе тіл» деп аталуы да сол «жасанды әдеби тілдер» мен диалектілерден шоқтығы биік тілдесу дәстүрі болғандығын танытады» деп пайымдайды [4.32].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының түркі халықтарындағы нұсқаларын өзара салыстыра отырып, олардың тілдік ерекшеліктеріне, сөздің семантикалық, этимологиялық, эстетикалық, диалектологиялық, стилистикалық қолданыстарына ерекше назар аударған. Жырдың В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, Ғ.Дербісалин т.б. жазып алған және Жанақ ақыннан тараған, Шөже жырлаған нұсқалар сюжеттеріндегі, кейіпкер есімдеріндегі кейбір айырмашылықтарды көрсетіп, халық әдебиетіндегі мифтік түсініктерге талдау жасаған [5. 70]. Жырдың әр түрлі нұсқаларындағы миф элементтері мен ертегілік мотивтерге батырдың астындағы атына тіл бітуі, Қозының түсін құбылтып, өзгертуі, сәуегей кемпірдің

Қозының алдын болжап айтуы, Қарабай мен Сарыбай атып алатын буаз маралдың адамша сөйлеуі сияқты т.б. деректерді келтіріп, мифологиялық образдардың эволюциясы, мифтік түсініктер жырдың лексикалық құрамынан орын алатынын, кейіннен жыршылардың реалистік тәсілдерді көп қолдануынан алғашқы мифтік элементтер солғындап, азайып, жұмбақ сырынан арыла бастайтынын айтады [6. 97]. Халық әдебиеті тілін зерттеуде бейтарап лексиканың өзі сөздердің семантикалық өрісінде болып, бір сөздің өзі қоғам дамуы барысында жаңа ұғым тудыруарлық мүмкіндіктерге ие болатынын нақты мысалдармен көрсетеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы бейтарап лексиканың мағыналық өрісі мифтік образдарды бейнелейтін сөз қолданыстарынан орын алғанын дәлелдейді. Мифтың халық әдебиетінде алатын орнын және оны зерттеу жолдары туралы айта келіп: «Адам баласының сәбилік дәуіріндегі ғажайып қиялдарды суреттеп тұрған сөздік құрамның да тым әріден келе жатқан тілдік материал екені даусыз. Алайда, осы миф образдарын жасап тұрған сөздер біздің тіліміздің қазіргі кезеңінде де тұлғалық қалпын сақтаған. Олар тек мағына жағынан ғана толысып, жаңарып, әдеби тіліміздің бүгінгі таңдағы қажеттеріне сай қызмет атқарады», – дейді Е.Жұбанов [5. 104].

Халық әдебиеті үлгілерінің тілдік құрамын зерттеудің теориялық деңгейлерін жан-жақты саралаған ғалым Е.Жұбанов күнделікті сөйлеу тіліндегі сөздің поэтикалық қарым-қатынасқа түскендегі өлең өлшеміне сай қолданылуына, лексикалық-семантикалық мазмұны мен экспрессиялы, эмоциялы реңдеріне терең талдау жасаған. Ғалым жырда зерттеліп отырған тірі лексеманың таралу аясын, халық тілінде және басқа түркі тілдеріндегі қолданысына, семантикалық өрісіне, синонимдік қатарына, стильдік бояуына т.б ерекшеліктеріне терең барлау жасағанын көреміз. Е.Жұбановтың халық әдебиеті тілін зерттеу еңбектерімен таныса отырып, көркем шығармаға лингвостилистикалық талдау жасау жолдарының түпсіз тереңіне бойлап қана қоймай, оның зерттеуі тілдің барлық саласын қамтитын энциклопедиялық еңбек секілді ғылыми құндылығына көз жеткізуге болады.

Е.Жұбанов көне түркі жазулары мен халық әдебиеті арасындағы байланысты қалай байыптауға болатынына, халықтың ежелгі рухани қазынасы мен кейін дүниеге келген көне түркі мәдениетіне қай тұрғыдан сабақтаса алатынына назар аударған. Ғылыми жұртшылық арасында «қазақ халқының бай эпос дәстүрі өзінің басын сонау Орхон ескерткіштерінен алады» деген негізсіз пікір қалыптасқанын айтып, «Шындығында қазақ тілі, оның халықтық әдебиетінің үлгілері ол әлі «қазақ» деп аталмай тұрған кезде-ақ ру-тайпа одақтарының қарым-қатынас құралы, солардың көркем тілінің негізі болып өмір сүріп келген. Ендеше қазақ халқы әдебиетінің эпикалық бай дәстүрі Орхон ескерткіштерінен басталмайды, керісінше ескерткіш атаулы көне жазулардың бәрі – стильдік сипаты жағынан эпос жүйесіне, оның кейіпкерлеріне барынша еліктеуден, ауызекі сөз өнерінің эпикалық дәстүріне мықтап

бой ұрудан тұған әдебиет үлгілері. Ауызекі әдебиет дәстүрі ешқашан жазба әдебиетінен басталмақ емес», – дейді Е.Жұбанов [7. 27]. Түрколог ғалымдар жазба ескерткіштер мен ауызекі әдебиет аралығында жақындық бар екендігін көрсеткенмен, оның қайсысы-қайсысына әсер етті, кім-кімнен үйренді деген мәселені нақты ашып айтқан жоқ. Осы орайдағы Е.Жұбанов пікіріне назар аударатын болсақ, «жазу қаншалықты ерте, ескі, ежелгі болғанымен дүниеге келе сала нақ сол заманның тілімен сөйлеп кете бермейді. Халықтың сан ғасырлақ ауызекі сөз саптау, тіл ұстарту тәжірибелері уақыт сынынан өткен мәнерлі сөз орындауларын жазу стиліне де үлгі-нұсқа етіп телиді» [7.28]. Демек, ғалым пікірінше, көне жазбалар өзінің тілі, стилі жағынан халық әдебиетімен тығыз байланысты, сондықтан көне жазба ескерткіштерінен де бұрын халықтың бай ауызекі әдебиеті болған деген ой туындайды. Осы орайда, Е.Жұбановтың көзқарасы белгілі түркітанушы ғалым Қ.Өмірәлиевтің: «V-VIII ғасыр түркі халықтары поэзиясының алғашқы дәуірі деген таным барынша шартты. Өйткені V ғасырдан арғы жердің сөз үлгісі қазір біздің қолымызда жоқ. Бірақ арғы жерде, шамамен I-V ғасыр арасында, түрік тайпаларында поэзия болмады деп тағы да айта алмаймыз», – деген пікірімен үндес келеді [8. 36]. Е.Жұбанов жазба мұралардың негізгі сөздік құрамы «өз кезінің ұраншысы да уағызшысы да болған көсем тілдің өрнекті сөз толғамдарын өзіне мықты арқау еткенін» айтады. Тарихи тақырыптар мен эпос дәстүрі арасындағы мәселелерді жете қарастырған ғалым Е.Жұбанов түркітануда орны ерекше «Едіге» жырына да зер салып, халық әдебиетінің ірі нұсқаларының бірі ретінде оның көркемдік жүйесі жөнінде сөз қозғаған. «Едіге жыры» туралы айтылған деректерді саралап, осы жыр туралы қазақ ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Құлмат Өмірәлиев, Едіге Мағауин және шығыстанушы өзге ел ғалымдары В.М.Жирмунский, А.С.Орлов т.б. пікірлерін келтіреді. «Едіге жырының» тілінде көне сөздердің көптігі және араб-парсы сөздерінің болмауы өзіндік ерекшелігі ретінде көрсетілген. «Едіге-Токтамыс» жырында «қазақ» сөзі қолданылғанын, көркем мәтінде «қазақ» сөзінің ұғымы неше алуан болмысымен көрінетіндігін айтқан.

Зерек зерде иесі Е.Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми құнды ойлардың бірі – ғалымның «әдеби тіл» ұғымы туралы пікірі. Қазақ тіл білімінде «әдеби тіл» жөніндегі танымымыз батыс елдері тілдеріне қатысты заңдылықтар арқылы қалыптасқандығын, сондықтан осы кезге дейін жаңсақ пайымдауларды «малданып» келгендігімізді айтады. «Әдеби тіл» атты «жасанды категория» өзге тіл арқылы енген «дүмбілез қағида» екендігін, сондықтан әр халықтың өзіндік даму жолына байланысты тілінің де қоғамдық қызметі заманына сай болғанын айтады. Қазақ халқы ұлт болған XV ғасырға дейін-ақ өздерінің ру-тайпа тілдері мен әдебиетінен қол үзбеген, халық әдебиеті ол кезде үлкен қоғамдық қызмет атқарғанын

айтып, «Ол – биліктің, шешендіктің, шежіренің, ру басы, қолбасылардың тілі болды, суырып салма ақындықты, жыраулық толғауларды, айтыс өнерін дамытып, кәсіп пен харекеттің атауларын біздің заманымызға дейін сақтап әкеліп мемлекеттік ресми тілімізге ұластырды» дейді [6. 16]. Қазақ халық әдебиеті тілі барлық тарихи кезеңде халқына қызмет етіп, оның барлық қажеттілігін өтеп келгенін, «мемлекеттік мәртебеден айырылуы тек кешегі қызыл кеңес дәуірінде, орыс тілін ресми тіл етіп зорлықпен енгізу тұсында басталғанын» айтады. Әдеби тіл туралы қағиданың жазумен байланысты қарастырылуы да барлық халық тіліне сәйкес келе бермейтінін, қазақтың ауызекі көркем тілінің мемлекеттік мәртебесін баба тілден іздеу қажеттігін, халық әдебиеті сол бабалар тілінің көзі екендігін, сондықтан «ресми тілді елде жоқ ерекшелігіне қарап танымай, бүкіл қоғам мүшелеріне етене болған ортақ белгілеріне, қасиеттеріне қарап мойындау қажеттігін» айтады [7. 36]. Ғалым Е.Жұбанов «халық әдебиетінің тілі әдеби ме?» деген мәселе жөніндегі өз ойын риторикалық сұрақтан бастап, халық әдебиеті тілі күнделікті қарым-қатынас тілінен биік тұрған, өңделген, көркем тіл, баба тілі, диалект атаулыдан шоқтығы биік тіл, барша жұртқа түсінікті тіл, «әдебиетке түсіп қалыптанған халық тілі» екендігін айтып, сонымен қатар «ауыз әдебиетінің тілінен, оның өз мүмкіндігінен артық ештеңе талап етудің қажеті жоқ, өйткені оның қалыптасқан заманын, дүниеге кеу себептерін, атқарған қызметін, көркемдік сапаларын, жанрлық ерекшеліктерін жазба әдебиетінің осы тақылеттес белгілерімен өлшестіруге тіпті де болмайтынын» таза халықтық тілге табан тіреген, ұлтқа дейінгі әдеби тіл міндетін төбе тіл үлгілері атқарғанын айтады [6. 32]. «Әдеби тіл дегеніміз әртүрлі стильдердің жиынтығын білдіретін шартты ұғым...», «Біздің әдеби тіл деп ат қойып, айдар тағып жүрген нәрсемиз табиғи тіл емес, уақыт факторымен шарттас ұғым ғана. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты туып, қалыптасып, өзгеріп отыратын көкейдегі (санадағы) категорияның abstract түріндегі танымы» деп анықтама берген еді [9. 56]. Ол «ауыз әдебиеті», «халық ауыз әдебиеті», «ауызша әдебиет» деген қолданыстар да «..нәрсіз де нәркенсіз, мейлінше жаңсақ қисындалған немесе әлдебіреулерге еліктеуден туған, мағынасын ешкім жете түсінбесе де, әйтеуір сүйреткі қылып тастамай жүрген бірқыдыру «ерқашты» қолданыстар», – деп, түсіндіріп, бұлайша танудың себебі «фольклор» терминінің тар мағынадағы «устная литература» деген орысша баламасына қарай қазақша «ауыз әдебиеті» деген тіркестегі калька жасалғанын айтады [9. 5]. Ал ел ішінде «халық ертегісі», «халық жыры», «халық әні», «халық даналығы», «халық өнері» деген қалыптасқан үлгілер бар, сондықтан дұрысы осы ыңғаймен «халық әдебиеті» деп айтуды ұсынады.

Жазу болмаған, жазу өнері де тумай тұрған кезеңде, немесе жазу жалпы қоғам мүшелеріне тегіс қызмет етпей тұрған кезеңде «бұқара көпшілік өзінің поэзия түріндегі тіл өнерін жалпыға бірдей ортақ қарым-қатынас құралы еткен», осыған байланысты Е.Жұбанов

халқымыздың фольклоры тілін «ауызекі көркем тіл» атауымен түсіндіреді. Фольклор тілін зерттеудің қыр-сырын жетік меңгеріп, оның теориялық мәселелерін қалыптастыруға көп үлес қосқан ғалым Е.Жұбанов ауызекі әдеби тілдің ұлттар арасындағы сипатын да терең барлаған. Тегі бір, тілі жақын туысқан халықтар ауыз әдебиетіндегі тектестіктен туған ұқсастықтарды көрсетіп, жазу мәдениеті пайда болмастан көп бұрын түркі халықтарына ортақ үлгісі болып ұлтаралық төбе тіл қызметін ауызекі әдеби тіл атқарғанын айтады [10. 40]. Түркі тілдерінің ортақ лексикалық қоры болып келгенмен, олардың әрқайсысының өз сөйлеу машығы, дыбыстау ерекшелігі бар, сондықтан ғалым: «Ауызекі әдеби тілдердің негізгі ұлтаралық немесе аймақтық белгілері – олардың фонетикалық айырымдары емес, сөз бұйымын тұтудағы бірізділігі, бір үлгі-модельді ұстануы, барлық жерде бірдей қоғамдық қызмет атқаруы», – деп көрсетеді [7. 40].

Ғалым Е.Жұбанов халық әдебиетінің тілін жырдағы ономастикалық атауларға қатысты зерттеу жолын да көрсетті. Ғалым қазақ жырларындағы топонимдер, эпонимдер мен этнонимдер халық өмірінің суретін, ел-жұрттың мекенін, халықты танытатын өкілі, яғни кейіпкерлер, адам аттары туралы хабар беріп қана қоймай, бұлар тілдік-стильдік ерекшелігін танытатын лексикалық топ екендігін алға тартады. «Қобыланды батыр» жырындағы жер-су атауларына талдау жасай отырып, эпос арқауына өрілген топонимдердің жырды құрайтын тілдік-эстетикалық жүйеге қатыстылығына, олардың атқаратын қызметін анықтауға, жыр өрнегін әрлендіруші табиғи ролін лингво-поэтика тұрғысынан жыға тануға назар аударып, халық әдебиеті тілін зерттеуде ономастикалық атауларды тану жолдарын көрсетеді. «Қобыланды батыр» жырын зерттеу барысында ғалым жырдағы оқиғаның нақты болған жерін анықтауға да көңіл аударған. «Аталған жырдың тілінде негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ, бірақ Қазақстан географиясын қамтитын бірсыпыра топонимдер бар», - дей келіп, «Есіктің алды Есіл-ді, Есілдің талы кесілді» деген «қолданыстың жырдағы оқиғаға, оның географиялық жағдайына еш қатысы жоқ, тек параллель ұйқас үшін тұрған тәрізді», сондай-ақ, «Төрт көлден соққан төбе еді, Есілден шыққан көл еді» деген «жолдарды да нақты бір бағыт-бағдарға қатысы бар деп айту қиын, себебі бұл сөздерді Қобыланды Арқа жерінде емес, Алшағыр ханның бекінісі түбінде айтады» деген дәлелдер келтіреді [6. 122]. Ғалым «Қобыланды батыр» жырындағы «Електен өтсең, Есенбай, қыс қыстауға көңіл жай» деген жолдарды келтіре отырып, Қазақстанның батысындағы Ақтөбе қаласының іргесінен ағып жатқан Елек өзені өз басын Ишимбай // Есімбайдан алатынын, бұл деректер шындыққа жақын келетінін ескерткен еді. Шындығында да, Қобыланды батыр денесі Ақтөбедегі Жиренқопа жерінде жерленгені анықталып, батырдың басына үлкен кесене орнатылып, халық ауызындағы эпос кейіпкері шындық өмірде болғаны анықталған үлкен тойды ғалым

Е.Жұбанов көре алмай кетсе де, осы жырдағы жер-су атаулары елдің осы батыс өңіріне сай келетінін айтып кеткен еді. Бұл жағдай эпостық жырлар тек көркемдік шындық қана, оны тарихи шындық ретінде қабылдауға болмайды деген фольклортануда қалыптасқан қағиданы «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландының шындық өмірдің кейіпкері екендігі өзгертсе, Е.Жұбановтың зерттеулері де өміршең екендігін танытып отыр.

«Қобыланды батыр» жырын зерттеу барысында ғалым жырдағы оқиғаның нақты болған жерін анықтауға да көңіл аударған сияқты. «Аталған жырдың тілінде негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ, бірақ Қазақстан географиясын қамтитын бірсыпыра топонимдер бар», - дей келіп, «Есіктің алды Есіл-ді, Есілдің талы кесілді» деген «қолданыстың жырдағы оқиғаға, оның географиялық жағдайына еш қатысы жоқ, тек параллель ұйқас үшін тұрған тәрізді», сондай-ақ, «Төрт көлден соққан төбе еді, Есілден шыққан көл еді» деген «жолдарды да нақты бір бағыт-бағдарға қатысы бар деп айту қиын, себебі бұл сөздерді Қобыланды Арқа жерінде емес, Алшағыр ханның бекінісі түбінде айтады» деген дәлелдер келтіреді [6. 122]. Ғалым «Қобыланды батыр» жырындағы «Електен өтсең, Есенбай, қыс қыстауға көңіл жай» деген жолдарды келтіре отырып, Қазақстанның батысындағы Ақтөбе қаласының іргесінен ағып жатқан Елек өзені өз басын Ишимбай // Есімбайдан алатынын, бұл деректер шындыққа жақын келетінін ескерткен еді. Шындығында да, Қобыланды батыр денесі Ақтөбедегі Жиренқопа жерінде жерленгені анықталып, батырдың басына үлкен кесене орнатылып, халық ауызындағы эпос кейіпкері шындық өмірде болғаны анықталған үлкен тойды, ғылыми конференцияны ғалым Е.Жұбанов көре алмай кетсе де, осы жырда жер-су атаулары батыс өңіріне жақын екендігін айтып кеткен еді. Бұл жағдай эпостық жырлар тек көркемдік шындық қана, оны тарихи шындық ретінде қабылдауға болмайды деген фольклортануда қалыптасқан қағиданы «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландының шындық өмірдің кейіпкері екендігі өзгертіп отыр.

Халық әдебиеті тілін зерттеуде Е.Жұбанов жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінің жыр тіліне қатысы туралы мәселені де талдай келіп, қазіргі жазба әдеби тіл тұрғысынан жырдағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің бірін әдеби, енді бірін әдеби емес деп қарастыруға болса да, «сонау эпос дәстүрі дәуірлеп тұрған шақта халық эстетикасы бұл тұлғалардың бәрін тең дәрежелі сөз қолданыстары деп танығанын» айтады [7. 17]. Ол «диалект» ұғымын «баба тіл» деген қолданыспен түсіндіріп, «Қазақ тілінің жағдайына келгенде біз мынау әдеби ме, жоқ па?» деген дағдарысты қойып, тілді қырнап, сырлап өңдейтін, яғни әдебилендіретін көлденең біреулер емес, халықтың өзі, демек, «әлде нендей авторлардың есімі тарихқа белгілі ме, жоқ па?» – деп таусылмай-ақ, шаршамай-ақ тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болу тарихын тек «баба тілден» іздеуіміз қажет. Халық әдебиеті сол бабалар тілінің көзі, сарқылмас бұлағы», – дейді [7. 56]. Өз кезінде тынымсыз ғылыми ізденісі нәтижесінде халық әдебиетінің

лингвопоэтикасы жөніндегі зерделі зерттеулерімен танылған Е.Жұбановтың терең ойлары мен мағыналы пайымдаулары фольклор тілін зерттеудің методологиялық ерекшеліктерін көрсететін ұстанымдар тәрізді осы саладағы кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар беретін, ғылыми құндылығын жоймайтын еңбектер деп білеміз. Тума таланттардың жалғасы Есет Жұбанов 1997 жылы «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Ол ауыз әдебиетінің тілін зерттеуде есімі белгілі болған ғалымдардың бірі ретінде 200-ден астам ғылыми мақалалар мен «Эпос тілінің өрнектері» (1978), «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996) атты монография, «Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектілері» (2003) оқу құралын, «Толғауы тоқсан қызыл тіл... (лингвомәдениет танымының көкжиектері)» (2010). зерттеулер мен зерделеулерін, «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» ұжымдық монография авторларының бірі болып, «Фольклор тілінің әдеби сипаты» тарауын (1989) жазып қалдырды.

Тектінің текті ұлы Есет Жұбанов Ақтөбе жеріндегі тіл-әдебиет, білім-мәдениет, оқу-тәрбие, т.б. қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Қазіргі таңда Жұбанов университеті еліміздің оқу орындарының алдыңғы қатарынан көрініп отырғанын ескерер болсақ, осындай жетістіктерге қол жеткізу жолында еңбектеніп жатқан қазіргі кейбір білікті ғылыми мамандарды дайындауға кезінде Есет Құдайбергенұлының да үлес қосқанын атап айтуға болады. Ол «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі, «Ыбырай Алтынсарин атындағы» медаль, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі, 2003 жылғы Ақтөбе облысы бойынша «Жыл адамы», «Мұғалжар ауданының Құрметті азаматы», 2004 жылы « Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы», 2005 жылы Мемлекеттік тіл саясатын жүргізудегі еңбегі үшін Ақтөбе облысының Алғыс хаты мен «Тіл жанашыры» деген сыйлығына ие болып, марапатталған. Ол 2007 жылғы 4 сәуір күні 78 жасында дүниеден өтті. Көзінің тірісінде өзінің асқақ бейнесімен, ғылыми еңбектерімен, азаматтық келбетімен басқаларға үлгі бола білген, ғылымда өзіндік орны бар дарынды лингвист-ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбановты бүгінгі таңда артында қалған тағылымды істері мен құнды зерттеулеріне қарап, әрқашан да құрметтеуге лайық тұлға деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Есет Құдайбергенұлы //Мұғалжар ауданы энциклопедиясы.- Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2011.-350-351 б.
2. Садуақас Н.А. Текіден туған текті.// «Ақтөбе» облыстық қоғамдық саяси газеті, №2-3. 8-қаңтар, 2004 ж.-3-бет.

3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы.- Алматы: Ана тілі,1993-320 б.
4. Жұбанов Е.Қ. Толғауы тоқсан қызыл тіл... (Лингвомәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер). -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті. – 2010. – 316 б.
5. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. - Алматы: Ғылым, 1978. -184 б.
6. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі.- Алматы: Ғылым, 1996. -200 б.
7. Жұбанов Е. Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. ДДА.-Алматы:1997.-43 б.
8. Өміралиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. -Алматы.1976.-242 б.
9. Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектітері.(оқу құралы). -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ баспасы,2003. – 96 б.
10. Садуақас Н.А. Халық әдебиеті тілін зерттеуші // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері. Көрнекті фольклортанушы ғалым, ф.ғ.д., проф.Е.Қ.Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. - Алматы:КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011.-37-41 б.

ҒТАМР 16.21.55

Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ

Қ.А. ЯССАУЙДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ТАНЫМЫ МЕН АҚЫНДЫҚ БОЛМЫСЫ

Ә.Ж. ҰЛЫҚПАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың түркі тілдес халықтар әдебиетінің көрнекті өкілі, сопылық әдебиеттің негізін қалаған ақын Қожа Ахмет Яссауйдің «Диуани хикмет» еңбегі туралы мақаласына талдау жасалады. Профессор Құдайберген Жұбанов – әдебиет мәселелеріне қатысты да тың ой айтып, терең тұжырым жасаған айтулы ғалым. Ол санаулы болса да, сапасы мықты ғылыми еңбектердің авторы болып табылады. Әдебиетке қатысты жазылған зерттеулерінің ішінде «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты еңбегінің ғылыми маңызы аса зор. Құдайберген Жұбанов Қожа Ахмет Яссауидің ақындық талантына айрықша баға береді. «Диуани хикмет» түркі тектес халықтардың рухани мұрасы болып табылады. Мақалада «Диуани хикметті» лингвистикалық әрі поэтикалық және тарихи тұрғыда шебер зерттеген Құдайберген Жұбановтың ғылыми қызметі туралы сөз болады.

Кілт сөздер: Ақын, әдебиет тарихы, поэтика, жазба әдебиет, сопылық әдебиет, ойшыл.

Аннотация. В статье анализируется статья выдающегося представителя литературы тюркоязычных народов Кудайбергена Куановича Жубанова о творчестве поэта Ходжи Ахмеда Ясави «Диван хикмет», основателя суфийской литературы. Профессор Кудайберген Жубанов – выдающийся ученый, глубоко